Бүгінгі күні ағымдағы өзгерістер Компанияның қызметі мен операцияларына елеулі теріс әсер тигізген жоқ және күтілмейді, өйткені жүк теміржол тасымалы, оның ішінде халықаралық (транзиттік) тасымал Қазақстанда да, басқа бірқатар елдерде де тоқтатылмаған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2032 ж. дейінгі даму стратегиясына сәйкес 2023 ж. теміржолмен тасымалдау тиімділігін арттыру, транзиттік тасымалдарды, оның ішінде баламалы бағыттарды дамыту, жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасына сәйкес корпоративтік портфель құрылымын оңтайландыру, цифрландыру, тұтынушылардың қанағаттанушылығын арттыру, пойыздардың қауіпсіздігіне кепілдік беру, сондай-ақ ESG (экология, әлеуметтік саясат және корпоративтік басқару) қағидаттарын енгізу бойынша жұмыстар жалғастырылды.

## 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН СТАНДАРТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

### ХҚЕС жаңа стандарттары және ағымдағы жылға қатысты күшіне енген түзетулер

Ағымдағы жылы Компания Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес («IASB») шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына бірқатар түзетулерді қабылдады, олар 2023 ж. 1 қаңтарда немесе одан кейінгі есепті кезеңде қолдануға міндетті болып табылады. Олардың қабылдануы осы қаржылық есептілік нысандарындағы ақпаратқа немесе сомаларға елеулі әсер еткен жоқ.

- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» (түзетулермен қоса);
- ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» және елеулілік туралы болжамдарға қатысты ХҚЕС (IFRS) бойынша практикалық 2-ескертуге түзетулер – Есептік саясат туралы ақпаратты ашып көрсету»;
- ХҚЕС (IAS) 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік есеп бағалауларындағы өзгерістер және қателер» стандартына түзетулер – Бухгалтерлік бағалауларды анықтау»;
- ХҚЕС (IAS) 12 «Табыс салығы» стандартына түзетулер – бір операция нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған табыс салығы»;
- ХҚЕС (IAS) 12 «Табыс салығы» стандартына түзетулер – Халықаралық салық реформасы – Pillar Two үлгілік ережелері.

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС

Осы қаржылық есептілік нысандары бекітілген күні Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген келесі жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданбады:

Стандарттың және түсіндірменің атауы	Көрсетілген күні басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады
ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 түзетулер – Инвестор мен оның қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы активтерді сату немесе беру	IASB әлі күшіне енетін күнін анықтаған жоқ, бірақ мерзімінен бұрын қабылдауға рұқсат етілген
ХҚЕС (IAS) 1 түзетулер – Міндеттемелердің қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болып жіктелуі	2024 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулер – Сатушы-жалға алушы арасындағы сату және кері жалға беру операцияларын кейінгі бағалау бойынша түсіндірмелер	2024 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС IAS 1 түзетулер – Ковенанттармен қарыздық міндеттемелердің жіктелуі	2024 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 7 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер – Жеткізушілерді қаржыландыру келісімдері туралы ақпаратты ашу	2024 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС IAS 21 түзетулер – Айырбастау мүмкіндігінің болмауы	2025 ж. 1 қаңтар

Компания басшылығы жоғарыда аталған стандарттар мен түзетулерді болашақта қолдану Компанияның қаржылық есептілік нысандарына айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫ

#### Сәйкестік туралы мәлімдеме

Компанияның осы қаржылық есептілік нысандары Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша - «ХҚЕС») сәйкес дайындалған қаржылық есептілік негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 ж. 28 маусымдағы №404 бұйрығымен (2022 ж. 2 наурыздағы №241 өзгерістерімен) (бұдан әрі – «404 бұйрық») бекітілген жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептілік нысандарының форматына сәйкес дайындалған.

#### Құнын анықтауға арналған негіз

Қаржылық есептілік нысандарын әділ құнымен көрсетілген жеке активтер мен міндеттемелерді қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау принциптеріне сәйкес дайындалды.

#### Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Осы жылдық қаржылық есептілік нысандары теңгемен берілген. Осы қаржылық есептілік нысандарындағы барлық мәндер арнайы баяндалған жағдайларды қоспағанда мыңға дейін дөңгелектенген. Теңге Компанияның осы жылдық қаржылық есептілік нысандарының функционалдық валютасы және ұсыну валютасы болып табылады.

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)

Теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде толық конвертацияланатын валюта болып табылмайды. Компанияның функционалдық валютасынан басқа валюталарда жүргізілетін операциялар (шетелдік валюталарда) Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі-ҚҚБ) белгіленген операцияларды жүргізудің нарықтық бағамы бойынша есепке алынады. ҚҚБ сатылым жүргізілмеген шетелдік валюталар бойынша валюталарды ауыстыру бағамы Reuters ақпарат агенттігінің арналары бойынша алынған баға белгіленіміне сәйкес АҚШ долларына кросс-бағамды пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен есептеледі.

Операциялар шетел валютасындағы алғашқыда операция күні қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада есептеледі. Шетелдік валютада көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есеп беру функционалдық валютаның ресми нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмашылықтар жиынтық кірістер мен шығыстар және басқа жиынтық табыс туралы есепке енгізіледі.

### Қызметтің үздіксіздік қағидаты

Компанияның осы жылдық қаржылық есептілігінің нысандары қызметтің үздіксіз болуы негізінде әзірленген. Бұл болжамды болашақта қалыпты шаруашылық қызметі барысында активтерді сату және міндеттемелерді өтеуді білдіреді. Компания операциялық қызметте түсетін ақша қаражаттан бөлек сыртқы несиелер арқылы ірі инвестициялық жобаларды қаржыландырды. Қызметтің үздіксіз болуын бағалау кезінде басшылық Компанияның қаржылық жағдайын, болашақта күтілетін қаржылық нәтижелерді, қарыздарды, қолжетімді несие қаражаттары мен инвестициялық сипаттағы міндеттемелерді, күтілетін тарифтер, валюта бағамын, сондай-ақ Компанияда кездесетін басқа да тәуекелдерді ескерді.

Бұдан басқа, «ҚТЖ» ҰК» АҚ жақын болашақта Компанияның қызметіне қаржылық және операциялық қолдау көрсету қызметін жалғастыру ниетін растады.

Тиісті талдау жүргізілгеннен кейін басшылық Компанияның операциялық қызметін жалғастыру және өз міндеттемелерін өтеу үшін жеткілікті ресурстары және осы қаржылық есептілік нысандарын дайындау кезінде үздіксіз қызмет принципін қолдану орынды деген қорытындыға келді.

### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Нәтижесінде, негізгі құралдар құнсызданудан жинақталған тозуы және жинақталған залалын алып тастау арқылы бастапқы құн бойынша бағаланады. Шаруашылық әдісімен құралған активтердің құнына материалдар, тікелей еңбек шығындары және өндірістік артық шығындардың тиісті үлесі кіреді.

Негізгі құралдарға негізінен пайдалы қызметтің келесі мерзімдері ішінде тікелей әдіспен амортизацияланатын негізгі құралдардың келесі топтар кіреді:

Ғимараттар мен құрылыстар	10 - 100 жыл
Машиналар мен жабдықтар	3 - 50 жыл
Көлік құралдары	5 - 25 жыл
Өзгелер	3 - 10 жыл

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)

---

Негізгі құралдар нысандары ірі көлемді техникалық тексерудің мәні болған жағдайларда шығындар ХҚЕС (IAS) 16 белгілеген тану критерийлерін сақтаған кезде ауыстыру ретінде негізгі құралдардың теңгерімдік құны ретінде танылады.

Ірі қосалқы бөлшектер мен резервтік жабдықтар негізгі құрал ретінде жіктеледі және егер Компания бір кезеңнен артық кезең ішінде қолдануды жоспарлайтын болса, аяқталмаған құрылыс құрамында есепке алынады. Егер қосалқы бөлшектер мен сервистік жабдықтар тек қана негізгі құралдардың нысанын пайдалануға байланысты ғана қолданылатын осыған ұқсас жағдайларда олар аяқталмаған құрылыс құрамындағы негізгі құрал ретінде есепке алынады.

Негізгі құралдар нысандарының пайдалы қызмет ету мерзімі жаңғыртуларды жүргізбестен (мысалы, негізгі құралдар нысандарына тестілеу жүргізу) немесе негізгі құралдар нысандарының жұмысының бастапқы қабылданған нормативтік көрсеткіштерін өзгерту жүргізу кезінде жүргізілген қайта құру немесе жаңғырту нәтижесінде ұлғайтылуы мүмкін.

Құны өзгерген (ұлғайған) жағдайда амортизацияны есептеу нысанның кейінгі шығын шамасына ұлғайған қалдық құнына қарай жүргізіледі. Мұнда амортизация негізгі құралдар нысанының пайдалы қызметінің қалған (қайта қаралған) мерзіміне қарай есептеледі.

Негізгі құралдар нысанын тану оны пайдаланудан немесе шығарып тастаудан болашақта экономикалық пайда алу күтілмейтін жағдайда немесе оны алып тастаған соң тоқтатылады. Активті тануды тоқтату кезінде туындайтын кез келген пайда мен зиян (алып тастаудан таза түсім мен активтің қалдық құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тануды тоқтату басталған есептік кезеңдегі пайда мен шығынға қосылады.

### **Қаржы құралдары**

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер Компанияда тиісті қаржылық құралдарға қатысты шарт бойынша шарттың бір тарабы болған кезде, Компанияның қаржылық жағдайы туралы есепте көрсетіледі.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді (кіріс немесе шығыс арқылы әділ құны бойынша көрсетілген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерден басқа) сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты транзакциялық шығындар тиісінше бастапқы тану кезінде қаржылық активтердің немесе қаржылық міндеттемелердің әділ құнын ұлғайтады немесе кемітеді. Кіріс немесе шығыс арқылы әділ құны бойынша көрсетілген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді сатып алуға тікелей жататын транзакциялық шығындар тікелей пайдаға мен шығынға жатқызылады.

### **Қаржылық активтер**

Қаржылық активтерді сатып алу-сатудың барлық тұрақты мәмілелері мәміле жасалған күні жағдай бойынша танылады және өзінің танылуын тоқтатады. Сатып алу-сатудың тұрақты мәмілелері – нормативтік актілермен немесе нарықтағы конвенциялармен белгіленген мерзімде активтер жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу-сату бойынша мәмілелер болып табылады.

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (мың теңге)

---

Барлық танылған қаржылық активтер кейін қаржылық активтердің жіктелуіне қарай амортизациялық немесе әділ құны бойынша толық бағаланады.

#### *Қаржылық активтердің жіктелуі*

Компанияның қаржылық активтері, мысалы, сауда және басқа дебиторлық берешек, борыштық бағалы қағаздар (облигациялар) бойынша дебиторлық берешегі, ақша қаражаты мен оның баламалары, шектеулі ақша қаражаты және басқа да ағымдағы қаржы активтері келесі шарттар орындалған кезде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады:

- қаржылық активтің мақсаты шартта қарастырылған ақша ағымын алу үшін қаржылық активтерді ұстау болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және
- қаржылық активтің шарт талаптары негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігіне пайыз және негізгі қарыз сомасының есебінен тек қана төлем болып табылатын ақша ағымдары көрсетілген күні алуды білдіреді.

Компанияның еншілес, бірлескен кәсіпорындар немесе қауымдасқан ұйымдар болып табылмайтын үлестік инвестициялары сияқты қаржылық активтері келесі шарттар орындалған кезде өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланады:

- қаржылық активтің мақсаты шартта қарастырылған ақша ағымын алу және қаржылық активтерді сату жолымен алу арқылы қол жеткізілетін бизнес-модель шеңберінде ұстап тұрады; және
- қаржылық активтің шарт талаптары негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігіне пайыз және негізгі қарыз сомасының есебінен тек қана төлем болып табылатын ақша ағымдары көрсетілген күні алуды білдіреді.

Компанияда кіріс немесе шығыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтері жоқ.

#### *Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі*

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қарыз құралының амортизациялық құнын есептеу және тиісті кезеңдегі пайыздық кірістерді бөлуді есептеу үшін қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме («ТПМ») – ол ТПМ ажырамас бөлігі болып табылатын қарыз құралдары бойынша алынған немесе жасалған барлық төлемдерді, мәмілені рәсімдеу бойынша шығындар және басқа сыйақы немесе дисконттарды қоса) күтілетін болашақ ақша түсімдерін қарыз құралдарын өтеуге дейін күтілетін мерзімге немесе (егер қолданылатын болса) қарыз құралын есепке алуға қабылдау кезіндегі теңгерімдік құнына дейін аса қысқа мерзімге дисконттау мөлшерлемесі.

#### *Қаржылық құралдардың құнсыздануы*

Компания сауда дебиторлық берешектің бүкіл мерзіміне күтілетін несиелік шығындар қорын таниды. Осы қаржылық активтер бойынша күтілетін несиелік шығын есептік кезеңдегі жағдай бойынша шарттардың болжанатын дамуы және сонымен бірге ағымдағы жағдайын бағалау және қарыз алушыларға тән жалпы экономикалық шарттар мен факторларды қоса, несиелік шығынның туындау тәжірибесіне негізделген резервтер матрицасын, сондай-ақ ақылға қонымды ақшаның уақытша құны қоса бағаланады.

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)

---

Өзге барлық қаржылық құралдарға қатысты Компания бастапқы тану кезеңінен бастап несиелік тәуекелде біршама ұлғаю орын алған кезде қаржы құралының бүкіл әрекет ету мерзімінде күтілетін несиелік шығындарды мойындайды. Алайда, егер қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқы тану кезінен бастап мейлінше ұлғайтылмайтын болса, Компания 12 айлық күтілетін несиелік шығынға тең сомаға осы қаржы құралына қарай шығын резервін бағалайды.

Қаржы құралының әрекет ететін бүкіл мерзімде күтілетін несиелік шығынға қаржылық құралдың күтілетін әрекет ету мерзімі барысында барлық мүмкін болатын дефолт нәтижесінде туындайтын күтілетін несиелік шығынды білдіреді. Керісінше, 12 ай күтілетін несиелік шығын есептік күннен кейін он екі ай ішінде орын алатын қаржы құралдарының дефолты бойынша оқиғалар нәтижесінде күтілетін несиелік шығынның бір бөлігін білдіреді.

Ағымдағы есептік кезеңде осы қаржылық активтер үшін шығынға резерв бағалау кезінде бірақ қателесу немесе бағалау әдістерінде ешқандай өзгертулер болған емес.

### *Қаржылық активтерді мойындауды тоқтату*

Компания қаржылық активтер мен тиісті тәуекелдер мен пайданы басқа тарапқа берген жағдайда немесе ол бойынша ақша ағымына шарттық құқықтарды тоқтатқан жағдайда ғана қаржылық активтерді мойындау тоқтатылады. Егер Компания активтерге ие болудан түскен пайда мен барлық негізгі тәуекелдерді бермесе және сақтамайтын болса, онда ол осы активте және соған байланысты мүмкін болатын жағдайларда есепке алуды жалғастырады. Егер Компания берілген қаржылық активтерді иеленуден түскен пайда мен барлық тәуекелдерді сақтайтын болса, ол осы қаржылық активті есепке алуды жалғастырады, ал қаржыны беру кезінде алынғандарын қамтамасыз етілген қарыз ретінде көрсететін болады.

Амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржылық активті тануды тоқтату кезінде активтердің теңгерімдік құны мен алынған немесе алуға жататын өтем сомасы арасындағы айырмашылық пайда мен шығын құрамында танылады. Одан басқа, мойындауды тоқтату кезінде өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша жіктелген қарыз құралына инвестицияларды тануды тоқтату кезінде инвестицияларды қайта бағалау резервінде жинақталған кумулятивтік пайда мен шығын құрамында қайта жіктеледі. Керісінше, инвестицияларды өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағалау үшін бастапқы тану кезінде Компания белгілеген жинақталған пайда мен шығын, инвестицияларды қайта бағалау резервінде бұрын жинақталған пайда мен шығынға қайта жіктелмейді, бірақ бөлінбеген табысқа ауыстырылады.

### *Қаржылық міндеттемелер*

Қарыздар, сауда және басқа несиелік берешектерді қоса, өзге қаржылық міндеттемелер транзакциялық шығындарды есептеп шығару арқылы әділ құны бойынша есепке алғанда көрсетіледі. Одан әрі, басқа қаржылық міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы амортизациялық құны бойынша бағаланады.

## **«АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)**

---

### **Тауарлық-материалдық қорлар**

Қорлар бастапқы құны және таза өткізу құны сияқты екі өлшемнің төмендеуі бойынша есепке алынады. Бастапқы құнына әрбір затты орналасатын орнына дейін жеткізу және оны ағымдағы жағдайға дейін жеткізуге байланысты қалыпты жұмыс барысында келтірілген барлық шығындардан құралады. Таза өткізу құнына өткізудің есептік шығындары және аяқтау шығындарын есептеп шығару арқылы қалыпты жұмыс барысында қорларды өткізу бағасын бағалаудан тұрады. Қорларды өндіріске жіберу және шығару кезінде оларды бағалау орташа өлшемді құны бойынша жүргізіледі.

### **Ақша қаражаты мен оның баламалары**

Ақша қаражаты негізгі депозит сомасын төмендететін айыппұл санкцияларының туындауы немесе алдын ала хабарламай кез келген уақытта Компания кері шақырып алуы мүмкін пайыздық депозиттер мен Компанияның банк шоттарындағы сомадан, кассадағы қолма-қол ақша қаражатты білдіреді. Ақша баламалары оларды сатып алу күнінен үш ай немесе одан кем өтеу мерзімімен және ақша қаражаттың белгілі сомасына ауыстырылуы мүмкін жоғары ликвидті қысқа мерзімді инвестициялар болып табылады.

### **Шартты міндеттемелер мен шартты активтер**

Шартты міндеттемелер мен шартты активтер жылдық қаржылық есептелік нысандарында танылмайды. Осындай міндеттемелер туралы мәліметтер экономикалық пайда құрайтын ресурстардың кету мүмкіндігі аз жағдайлардан басқа қаржылық есептіліктегі ескертулерде ашылады.

Шартты активтер жылдық қаржылық есептелік нысандарында көрсетілмейді. Егер осы активтермен байланысты экономикалық пайда алу жеткілікті сенімді болса аталған активтер туралы мәліметтер ескертулерде ашылады.

### **Жұмыскерлерге сыйақы**

#### ***Төлем көлемі белгіленген зейнетақы жоспары***

Ұжымдық шартқа сәйкес Компания еңбек қызметінің аяқталуына байланысты өз жұмыскерлеріне белгіленген сыйақы төлейді («Төлем көлемі белгіленген зейнетақы жоспары»).

Компания басқа жиынтық кіріс пен шығын құрамында анықталған кезде сыйақы төлеу міндеттемелерін қайта бағалаудан туындаған актуарлық кіріс пен шығынды таниды және сыйақы шығындары мен міндеттемелерді мойындайды.

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)

---

Төлем мөлшері белгіленген Зейнетақы жоспарына сәйкес сыйақы міндеттемелері мен шығындар болжалды шартты бірлік әдісі көмегімен анықталады. Осы әдіс жұмыс жүргізілген әр жылы сыйақы алу құқығының әрбір қосымша бірлігіне арттыруды қарастырады және қорытынды міндеттемелерді жеке көрсету үшін әр бірлікті өлшейді. Сыйақы беру шығындары кіріс пен шығын және басқа жиынтық табыстар туралы есептерде төлемнің белгіленген мөлшері мен Зейнетақы жоспары бойынша сыйақы формуласына сәйкес жұмыскерлердің жұмыс өтілі ішінде қорытынды сыйақыларды бөлетіндей етіп көрсетіледі. Осы міндеттеме белгіленген төлем мөлшерімен Зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелердің бағаланған жағдайлары және валютамен салыстырмалы валюталары мен жағдайлары, мемлекеттік облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне сәйкес дисконт мөлшерлемесін қолдану арқылы ақшаның есептік болашақтағы қозғалысының ағымдағы құны бойынша өлшенеді.

Төлем көлемі белгіленген Зейнетақы жоспары бойынша төлемдер зейнетақы төлемдеріне құқық беретін қызметтерді жұмыскерлерге ұсыну шығындарына жатқызылады.

Төлем мөлшері белгіленген Зейнетақы жоспары бойынша шығындар санатына төмендегілер кіреді:

- қызмет құны (ағымдағы және өткен кезеңдердегі қызмет құны, сондай-ақ төлем мөлшері белгіленген Зейнетақы жоспары бойынша секвесторлар және өтемдер құнын қоса);
- таза пайыздық шығын; және
- қайта бағалау.

Компания қызмет құнын кіріс пен шығындағы өзіндік құн және әкімшілік шығындар ретінде көрсетеді. Секвестордан түскен пайда мен шығын өткен мерзімдердегі қызмет құны ретінде есептеледі. «Қайта бағалау» шығындар санатын Компания басқа жиынтық табыс құрамында көрсетеді.

### Бағалау міндеттемелері

Бағалау міндеттемелері компанияның өткен оқиғалардан туындаған заңды немесе тәжірибеден туындайтын міндеттемелері болған кезде танылады, бұл міндеттемені өтеу компанияның ресурстарын жоюды талап етеді, сондай-ақ міндеттеменің мөлшерін сенімді бағалау жүргізілуі мүмкін.

Резерв ретінде танылған сома міндеттемеге байланысты тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескере отырып, есепті күні ағымдағы міндеттемені өтеу үшін қажетті төлемдердің нақты бағасын білдіреді. Егер алдағы шығыстар резервінің шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжамды ақша ағындары негізінде есептелсе, онда алдағы шығыстар резерві осындай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде айқындалады (егер уақыт бойынша ақша құнының әсері елеулі болса).

Егер міндеттемелерді өтеу үшін қажетті төлемдерді үшінші тарап жартылай немесе толық өтейді деп күтілсе, тиісті дебиторлық берешек өтемақы алынатынына толық сенімділік және осы дебиторлық берешек сомасын сенімді бағалау мүмкіндігі болған жағдайда актив ретінде көрсетіледі.

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)

---

### *Ауыртпалық салу шарттары*

Пайдасыз шарттар бойынша қолданыстағы міндеттемелер алдағы шығыстар резервінің құрамында ескеріледі және сол қағидаттар бойынша бағаланады. Егер компания орындалуы сөзсіз шығындармен байланысты шарттық міндеттемелерді өзіне қабылдаған болса, яғни міндеттемелерді орындау бойынша шығыстардың сомасы ол бойынша алынатын экономикалық пайдадан асып кетсе, шарт тиімсіз болып саналады.

### **Капитал**

#### *Жарғылық капитал*

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жарғылық капиталдағы барлық ақша емес салымдарды берілетін күнгі жағдай бойынша тәуелсіз бағалаушы әділ құны бойынша бағалайды. Шығарылған акциялардың номиналдық құнынан алынған қаражат құны әділ ұлғаю қосымша төленген капитал ретінде танылады.

#### *Дивидендтер*

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылып, егер олар есептік күнді қоса кезеңге дейін жарияланған болса ғана есептік күнгі капитал сомасынан есептеп шығарылады. Дивидендтер туралы ақпарат егер олар есептік күнге дейін ұсынылып, сондай-ақ есептік күннен кейін, бірақ қаржылық есептілікті шығаруға бекіту күніне дейін ұсынылатын немесе жарияланатын болса, қаржылық есепте ашып көрсетіледі.

#### **Түсімді тану**

Компания негізінен төмендегі қызметтерді ұсынудан түсімді таниды:

- жүк ауыстырып тиеу;
- жүк операцияларын жүргізу үшін теңіз портына кеме кіргізу;
- сүйреткіш және басқа жүзу құралдарды пайдалану;
- жүк сақтау;
- өзге порт қызметтері.

Түсім сатып алушыларға уәде етілген қызметтерді беруді Компанияның болжамы бойынша көрсетілген қызметтерге айырбастауға құқығы бар өтеу сомасында көрсету үшін танылады. Түсім қосылған құн салығын («ҚҚС») шығарып тастау арқылы көрсетіледі.

Компания қызметтері алдын ала 100% төлеу жағдайында ұсынылады. Сатып алушылардан әлі көрсетілмеген қызметтер үшін алынған алдын ала төлем сомасы ақша қаражат түскен күні қызмет көрсету шарты бойынша алынған аванс ретінде сатып алушылармен шарт бойынша міндеттемелер құрамында көрсетіледі. Уәделескен қызметтерді сатып алушыларға көрсету және сатып алушының көрсетілген қызметтерге төлем төлеу кезеңі арасындағы қысқа уақыт аралығы нәтижесінде шартта қаржыландырудың маңызды бөліктерін қамтымайды.

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (мың теңге)

---

Жүк ауыстырып тиеу қызметтерінен, теңіз портына кеме кіргізу қызметтерінен және қосымша ілеспе порт қызметтерінен түскен түсімдер қызмет көрсетілетін кезең ішінде аталған қызметтерді орындау міндеттемелерін Компания қанағаттандырған кезде танылады (жүк ауыстырып тиеу қызметтерін жүзеге асыру талаптарына сәйкес жүк тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге қарай жүргізіледі). Жоғарыда аталған қызметтерді көрсету уақыты әдетте бір тәуліктен аспайды. Кейбір жүк ауыстырып тиеу шарттарына тұтынылған қызмет көлеміне қарай Компанияның тұрақты клиенттерін кепілденген жүк аусытырып тиеу көлемін қамтамасыз ету бойынша ынталандыру және жаңа клиенттер тарту мақсатында көрсетілген қызмет көлеміне қарай тарифті төмендету коэффициенті қолданылады, бірақ бұл сирек қолданылады және Компания үшін маңызды емес. Өзге порт қызметтері негізінен экспедициялауды, құжаттар рәсімдеуді және өзге де қызметтерді қамтиды.

Компания нәтижелер әдісі бойынша жүк сақтаудан және сүйреткіш және өзге де жүзу құралын пайдаланудан түскен түсімдерді таниды. Нәтижелер әдісі тонна-тәуліктік сақтау санына және соған сәйкес мото-сағатқа есептеледі.

#### Шығындарды мойындау

Шығыстар пайда болуына қарай мойындалып, есептеу әдісі бойынша олар жатқызылатын кезеңде жиынтық табыс туралы есепте көрсетіледі.

#### Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты қамтиды. Табыс салығы басқа жиынтық табыс немесе капиталда көрсетілетін баптарға жататын соманы қоспағанда, пайда мен шығында көрсетіледі, бұл жағдайларда ол тиісінше басқа жиынтық табыста немесе капиталда танылады. Салық бойынша ағымдағы шығын - бір жылғы салық салынатын табыс бойынша төленуі тиіс күтілетін салық және алдыңғы жылдарға қатысты төленуі тиіс салықтарға қатысты кез келген түзетулер.

Кейінге қалдырылған салық, салық салу мақсатында пайдаланылған сома мен қаржылық есептілік мақсатында активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасындағы уақыт айырмашылығы бойынша баланстық әдіспен есептеледі. Төмендегілер нәтижесінде туындайтын уақыт айырмашылықтары танылмайды:

- компаниялар бірлестігі бола алмайтын мәміледегі активтерді немесе міндеттемелерді бастапқы тану және мәміле кезінде не бухгалтерлік табысқа не салық салынатын пайдаға мен шығынға әсерін тигізбейді; және
- уақыт айырмашылығы жақын болашақта төмендетілмей және уақыт айырмашылығын азайту уақытына бөлуді бақылау мүмкін болса, бірлескен қызметтегі қатыс үлестерімен, сондай-ақ еншілес ұйымдар мен біріккен компаниялардың инвестицияларына байланысты салық салынатын уақыт айырмашылығына қатысты.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер мен активтер есептік күні қолданысқа енгізілген немесе әрекет ететін салық мөлшерлемелеріне (және салық заңнамасында) негізделе отырып, актив алынған немесе міндеттеме төленген кезде қолдануға жататын салық мөлшерлемесі бойынша есептеледі.

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)

---

Кейінге қалдырылған салық бойынша актив соның есебінен актив өткізілуі мүмкін салық салынатын табыс алу мүмкіндігі бар көлемде ғана танылады. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив тиісті салық жеңілдіктерін өткізу мүмкіндігі болмайтын көлемде төмендетіледі. Болашақта есепке алынуы мүмкін салық есебінің сомасы мен болашақтағы салық салынатын табысты анықтау басшылық дайындаған орта мерзімді бизнес-жоспарға және оны болашаққа экстраполяциялау қорытындыларына негізделген. Бизнес-жоспар қазіргі жағдайда негізделген деп саналатын басшылықтың күтуіне негізделген.

Ағымдағы салық сомасы бір жылғы салық салынатын табыспен анықталады. Салық салынатын табыс басқа жылдардағы салық салынатын табыстағы кіріс пен шығын бөлігіне қосу, сондай-ақ салық салуға/есептеп шығаруға жататын пайда/(шығын) есебінен пайда мен шығын туралы есепте салық салынғанға дейінгі табыстан айырмашылығы бар. Табысқа ағымдағы салық сомасы есептік күні Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

#### 4. БАҒАЛАУҒА ҚАТЫСТЫ МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БЕЛГІСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ

Компанияның есеп саясатының ережелерін қолдану барысында 3-ескертуде жазылғандай, басшылық есептілікте танылған сомаларға елеулі әсер ететін пайымдауларды (бағалауларға байланысты пайымдаулардан басқа) пайдаланады және басқа көздерден анық болып табылмайтын активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты бағалаулар мен жорамалдарды қалыптастырады. Бағалау және олардың негізіндегі жорамалдар өткен тәжірибеге және нақты жағдайларда орынды деп саналатын басқа факторларға сүйене отырып қалыптасады. Нақты нәтижелер бағалау деректерінен өзгеше болуы мүмкін.

Жол берілген және соның негізінде жасалған бағаларға оларды өзгерту қажеттілігіне қарай үнемі талдау жүргізіледі. Есептік бағадағы өзгертулер осы бағалар қайта қаралған есептік кезеңде және аталған өзгертулер болған барлық соңғы кезеңдерде танылады.

##### Бағалардағы өзекті белгісіздік көздері

Төменде келесі қаржылық жыл ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын біраз түзетуге әкелуі ықтимал есептік кезең соңындағы болашаққа қатысты негізгі рұқсаттар мен басқа да негізгі белгісіздік көздері келтірілген.

##### *Қаржылық активтердің құнсыздану сомасын есептеу*

Күтілетін несиелік шығын резервтері дефолт тәуекелі және дефолт кезіндегі шығындарға қатысты болжамдарға негізделген. Компания осы болжамдарды пайдалану және қазіргі нарықтық жағдайдағы Компанияның өткен тарихына негізделген құнсыздану есебіне арналған кіріспе деректерді таңдау кезінде, сондай-ақ әрбір есептік кезең соңында болжалды бағалауға негізделген құнсыздануды есептеуге арналған кіріспе деректерді таңдауды қолданады. Күтілетін несиелік шығынды есептеу мақсатында контрагент дефолтының мүмкіндігі күтілетін болашақтағы макроэкономикалық көрсеткіштер ескеріліп түзетіледі.

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)

---

### *Жұмыскерлерге сыйақы беру міндеттемелері*

Компания зейнетке шыққан соң белгіленген және қызметтердің ағымдағы құнына байланысты белгіленген төлемдер бойынша міндеттемелердің ағымдағы құнын анықтау үшін бағалаудың актуарлық әдісін қолданады.

Актуарлық бағалау болашақта нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін әртүрлі рұқсаттарды пайдалануды білдіреді. Актуарлық бағалау әдісіне дисконттау мөлшерлемесі, болашақта жалақының өсуі, өлім-жітімнің артуы және болашақта зейнетақының өсуі туралы рұқсаттар кіреді. Белгіленген төлемдер мен зейнетақы бағдарламалары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипаты мен бағалау күрделілігіне қарай осыған ұқсас міндеттемелер осы рұқсаттардың өзгертулеріне өте сезімтал. Барлық рұқсаттар әрбір есептік күні қайта қаралады. Ең көп өзгеріске түсетін өлшемдер дисконттау мөлшерлемесі болып табылады. Қолданыстағы дисконттау мөлшерлемесін анықтау кезінде Компания басшылығы бағалау күнгі бағаланатын зейнетақы міндеттемелері және сол өтеу мерзімімен мемлекеттік облигациялардың теңдей табыстылығын анықтайды.

Болашақта жалақыны көтерілуі және зейнетақы көлемінің өсуі күтілетін болашақтағы инфляция қарқынына негізделеді.

### *Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы*

Компания әрбір есепті күнге материалдық және материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану индикаторларының болуын тексереді.

Активтің құнсыздану индикаторларының болуын анықтау көптеген факторларға негізделеді, мысалы: индустрияның күтілетін өсуінің өзгеруі, болжамды ақша ағындары, болашақта қаржыландырудың қол жетімділігінің өзгеруі; технологиялық ескіру, қызмет көрсетудің тоқтатылуы, ауыстырудың ағымдағы шығындары және шарттардың басқа өзгерістері.

Құнсыздану индикаторларының болуына байланысты Компания басшылығы негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануына тест жүргізді 2023 ж. 31 желтоқсан пайдалану құнын бағалау арқылы.

Ақша ағындарын бағалау көптеген субъективті факторларды, соның ішінде операциялық және қаржылық факторларды, ең жақсы дәлелдерді қолдана отырып қамтиды.

Компания 2024-2028 жж. арналған даму жоспары негізінде 5 жыл деңгейінде ақша ағындарын болжау кезеңін қолданды.

Сынақ кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар жүктерді ауыстырып тиеудің неғұрлым ықтимал көлемін, оның ішінде транзит пен экспорттың өсуі нәтижесінде, жоспарланған сұраныс көлемі мен транзиттік қатынастағы жүк тасымалының өсуінің тарихи динамикасы негізінде көрсетеді.

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)

---

Пайдалану құндылығын бағалауда Компания басшылығы қолданған негізгі болжамдар келесідей берілген:

- Түсімдер өсуі 2024 ж. – 23%, 2025 ж. – 3%, 2026 ж. – 10%, 2027 ж. – 5%, 2028 ж. – 6%, негізінен, мұнайды ауыстырып тиеу, транзиттік контейнерлер, астық экспорты көлемдерінің күтілетін өсуі, сондай-ақ кеме қатынасы бойынша көрсетілетін қызметтердің тиісті өсуі есебінен;
- 2028 ж. таза ақша ағыны кейінгі жылдардағы өсу қарқынын пайдалана отырып, активтердің пайдалы қызмет ету мерзімінің соңына дейін ақша қаражаттарының қозғалысын болжау кезінде негізге алынды. Бұл көрсеткіш тұрақты және 5.8% құрайды;
- Жалпы рентабельділік – 2024-2027 ж. - 39-44%, 2028 ж. - 45%;
- АҚШ долларының болжамды бағамы - 460 теңге; және
- Дисконттау мөлшерлемесі - 15.01%.

Пайдалану құнын есептеу негізінде Компания басшылығы негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануын анықтаған жоқ. Бұл жағдайда пайдалану мәнін есептеу, атап айтқанда, келесі болжамдарға сезімтал:

- Дисконттау мөлшерлемесі (WACC);
- Кейінгі жылдардағы таза ақша ағындарының өсу қарқыны;
- Жүкті ауыстырып тиеу көлеміне; және
- Көрсетілетін қызметтердің рентабельділігі.

Компания басшылығы сезімталдыққа талдау жүргізіп, негізгі болжамдардың келесі негізді мүмкін өзгерістерімен және басқа параметрлердің өзгермеуімен құнсыздану болмайды деген қорытындыға келді:

- Дисконттау мөлшерлемесі (WACC) – дисконттау мөлшерлемесін 15.01% - дан 16.16% - ға дейін, +1.15%-ға арттыру;
- Кейінгі жылдардағы өсу қарқыны –кейінгі жылдардағы өсу қарқынының -2.1%-ға, 5.8%-дан 3.7%-ға дейін төмендеуі;
- Түсімдер өсуі – контейнерлер мен астықты ауыстырып тиеу өсімінің және кеме қатынасы бойынша тиісті көлемдердің азаюы нәтижесінде болжамды кезеңде (9.4% - дан 6.1% - ға дейін) кірістің орта есеппен 3.3% - ға азаюы.
- Жалпы рентабельділік-болжамды кезеңде 2023 ж. деңгейінде 42% мөлшерінде рентабельділікті сақтау.

Жоғарыда аталған негізгі болжамдардың әрқайсысының неғұрлым елеулі өзгерістерімен немесе бір мезгілде бірнеше факторлардың теріс әсерімен компанияның негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің баланстық құны олардың өтелетін құнынан жоғары болуы мүмкін, бұл болашақта құнсыздануды тану қажеттілігіне әкелуі мүмкін.

## **«АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)**

---

### ***Салық салу***

2023 ж. мамыр айынан бастап Компания «Ақтау теңіз порты» АЭА қатысушысы болып табылады және осы аумақта жұмыс істейді.

Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес, атап айтқанда, 709 б. 1-т. Сәйкес Қазақстан Республикасының Салық кодексі «Ақтау теңіз порты» АЭА аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар бюджетке төлеуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде қызметтің басым түрлері бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100%-ға азайтады. Осыған байланысты Компанияның негізгі қызметінің жекелеген түрлері, соның ішінде жүктерді ауыстырып тиеу және кемеңі портқа кіргізу қызметтері АЭА аумағында қызметті жүзеге асыру кезінде корпоративтік табыс салығы салынбайды.

Бұл АЭА 2028 ж. дейінгі мерзімге құрылды. Жүргізілген талдаулар негізінде Компания салық салу мақсатында активтер мен міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды қызметтің басымды және басым емес түрлеріне бөлді. Сәйкесінше, Компания АЭА әрекет ету мерзімінің аяқталу күніне басым қызмет түрлеріне жататын негізгі құралдар құнының айырмашылығынан туындайтын кейінге қалдырылған салық міндеттемесін қайта есептеді және есепке алды.

### **Есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған маңызды пайымдаулар**

Төменде Компания басшылығы Компанияның есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланған және осы жылдық қаржылық есепте көрсетілген сомаға едәуір әсер ететін бағалауда орын алған белгісіздіктермен қатар біраз пайымдаулар келтірілген.

### ***Несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы***

Күтілетін несиелік шығындар 1 сатыдағы активтер үшін 12 ай күтілетін несиелік шығындарға немесе 2 және 3 сатыдағы активтер үшін барлық мерзімде күтілетін несиелік шығындар резерві ретінде бағаланады. Актив оның несиелік тәуекелін бастапқы танудан кейін біраз артқан кезде 2-сатысына өтеді. ХҚЕС (IFRS) 9 несиелік тәуекелдің біраз ұлғаюы болып табылатын анықтама бермейді. Активтің несиелік тәуекелінің ұлғаюын бағалаған кезде Компания айрықша күш түсірмейтіндей қолжеітмді дәлелді және сенімді, сапалы болжамды ақпараттарды, соның ішінде контрагенттердің төлем қабілеті мен олардың қаржылық көрсеткіштерін есепке алады.

Күтілетін несиелік шығын сомасы тиісті қаржылық құрал бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекелдің өзгерісін көрсету үшін әрбір есептік күнге жаңартылып отырады.

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)

---

Атап айтқанда, несиелік тәуекелдің бастапқы танудан кейін айтарлықтай өскенін бағалау кезінде келесі ақпарат ескеріледі:

- қаржы құралының ішкі немесе сыртқы (бар болса) кредиттік рейтингінің нақты немесе күтілетін елеулі нашарлауы;
- белгілі бір қаржы құралы бойынша несиелік тәуекелдің сыртқы нарық көрсеткіштерінің айтарлықтай нашарлауы, яғни кредиттік спредтің айтарлықтай өсуі, борышкер үшін кредиттік дефолт своп бағасы, қаржылық активтің әділ құны оның амортизацияланған құнынан аз болған мерзім немесе дәреже;
- борышкердің өзінің қарыздық міндеттемелерін орындау қабілетінің айтарлықтай өзгеруіне әкелетін іскерлік, қаржылық немесе экономикалық жағдайлардағы қазіргі немесе болжамды қолайсыз өзгерістер;
- борышкердің операциялық қызметі нәтижелерінің нақты немесе күтілетін айтарлықтай нашарлауы;
- сол борышкердің басқа қаржы құралдары бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуы;
- борышкердің өзінің борыштық міндеттемелерін орындау қабілетінің айтарлықтай төмендеуіне әкелетін борышкердің нормативтік, экономикалық немесе технологиялық ортасындағы нақты немесе күтілетін елеулі жағымсыз өзгерістер.

Жоғарыда сипатталған талдауға қарамастан, егер Компанияда басқаны растайтын елеулі және расталатын ақпарат болмаса, егер шарттық төлемдер мерзімі 30 күннен астам уақыт өткен болса, Компания қаржылық активтің несиелік тәуекелі бастапқы танудан кейін айтарлықтай өсті деп болжайды.

Несиелік тәуекелді іштен басқару үшін Компания өткен тәжірибе көрсеткендей төмендегі критерийлердің біріне сай келетін қаржылық актив өтелмейтінде болатын дефолт ретінде төмендегілерді қарастырады:

- контрагент міндеттемелері бойынша 90 күннен аса өткізіп алу (Компания төлемнің көп кідіруін қарастыратын дефолт критерийін пайдалану аса орынды екендігін көрсететін дәлелді және растайтын ақпаратқа ие жағдайлардан басқа);
- контрагенттің сыртқы несиелік рейтингінің D дефолтқа дейін төмендеуі;
- контрагенттің қаржылық қиындығы нәтижесінде міндеттемелерді орындауға қабілетсіздік (қаржылық актив бойынша пайыз есептеуді тоқтату немесе пайыздық мөлшерлемені төмендету, негізгі қарызды алып тастау, қаржылық активті өтеу мерзімін ұлғайту, қарыз сомасын төмендетуге немесе алып тастауға немесе берешекті кешіруге т.б. әкелетін қайта құрылымдау; немесе
- ішкі деңгейде қалыптасқан немесе сыртқы көздерден алынған ақпарат қарыз беруші Компанияны қоса несие берушінің пайдасына төлемді толық көлемде төлемегендігін көрсететін ақпарат (Компания ұстайтын кепілді назарға алмай).

**«АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)**

**5. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 010 ЖОЛ КОДЫ)**

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, АҚШ доллары	1,194,160	1,046,604
Банктерде жинақ шоттарындағы ақша, теңге	670,142	-
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, еуро	604,584	-
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, теңге	56,265	2,387,491
Кассадағы қолма-қол ақша	7,953	3,931
	<u>2,533,104</u>	<u>3,438,026</u>
Минус: күтілетін несиелік шығындарға резерв	(128)	(178)
	<u>2,532,976</u>	<u>3,437,848</u>

Ақша банктердегі жинақ шоттарына 5 күнге дейінгі мерзімге 14.95% -15.45% сыйақы мөлшерлемесімен салынған.

**6. ТАУРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ ЖОЛ КОДЫ 020)**

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Шикізат пен материалдар	131,326	169,937
Құрылыс материалдары	93,902	86,833
Қосалқы бөлшектер	85,934	68,598
Отын	64,163	67,787
	<u>375,325</u>	<u>393,155</u>
Минус: құнсыздану резерві	(3,402)	(3,603)
	<u>371,923</u>	<u>389,552</u>

**7. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АМОРТИЗАЦИЯЛЫҚ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР  
(БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ ЖОЛ КОДЫ 110)**

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
«DSFK (ДСФК) арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигациялары	835,983	856,004
«First Heartland Jusan Bank» АҚ облигациялары	250,727	224,552
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтер	3,572	4,850
	<u>1,090,282</u>	<u>1,085,406</u>
Минус: «DSFK (ДСФК) арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигациялары бойынша күтілетін несиелік шығындарына резерв	(236,994)	(214,754)
Минус: «First Heartland Jusan Bank» АҚ облигациялары бойынша күтілетін несиелік шығындарына резерв	(57,640)	(46,092)
	<u>795,648</u>	<u>824,560</u>

## «АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)

---

### *«DSFK (ДСФК)» арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигациялары*

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған актив амортизациялық құны бойынша есептелетін қаржылық актив ретінде жіктеледі. 2023 ж. тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген табыс 52,809 мың теңге құрады (2022 ж.: 97,871 мың теңге). 2023 ж. ішінде «Арнайы қаржы компаниясы «DSFK» (ДСФК) ЖШС 72,830 мың теңге сомасына облигацияларды сатып алды (2022 ж.: 29,686 мың теңге).

Бұл инвестицияларға «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС кепілдік берді. 2017 ж. шекті келісімге сәйкес Компания облигацияның орналастырылғанына бес жыл толған күннен бастап 12 айдан кешіктірмей, атап айтқанда 2022 ж. 25 желтоқсаннан бастап кепілдік бойынша төлемді талап етуге құқылы. 2023 ж. қаңтар айында Компания «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-не кепілдік бойынша міндеттемелерді толық көлемде орындау туралы талаппен хабарласты, оған жауап алынды, онда кепілгер кепілдік бойынша талапты орындау мүмкін еместігін көрсетті. Осыған байланысты Компания кепілгерге талап қойып, сот 2023 ж. қазанында және 2024 ж. қаңтарында Компанияның пайдасына, оның ішінде «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-нің апелляциялық шағымын толық қанағаттандырды. «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС сот шешімін орындауды 12 айға кейінге қалдыру туралы арыз берген, оған сәйкес сот шешімімен 2024 ж. 11 сәуіріне дейін кейінге қалдыру берілген.

Күтілетін кредиттік шығындарды өлшеу мақсатында бұл берешек 3-кезеңде есепке алынады. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания күтілетін кредиттік шығындарды бағалады және 236,994 мың теңге сомасында резервті мойындады (2022 ж. 31 желтоқсан: 214,754 мың теңге). Осы облигациялар бойынша күтілетін кредиттік шығындарды анықтау кезінде Компания басшылығы дефолттың бұрынғы тәжірибесін, дефолтқа байланысты шығындарды (LGD), несиелік рейтингті және «Арнайы қаржы компаниясы DSFK (ДСФК)» ЖШС қаржылық жағдайын ескерді. Күтілетін кредиттік шығындар осы облигациялардың мерзімі бойынша шығындар құрамында көрсетіледі. Компания басшылығы өтелмеген кепілдікке қарамастан, 2023 ж. 31 желтоқсанда күтілетін кредиттік шығындарды қосымша есептеу талап етілмейді деп санайды.

### *«First Heartland Jusan Bank» АҚ облигациялары*

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған актив амортизацияланған құн бойынша есептелетін актив ретінде жіктелген. тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздар бойынша 2023 ж. табыс 26,175 мың теңге құраған (2022 ж.: 23,371 мың теңге).

Аталған облигациялар 2 Транш бойынша (11-ескерту) «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қарызын кепілдік қамтамасыз ету болып табылады.

Компания күтілетін кредиттік шығындарды бағалады және 57,640 мың теңге сомасында резервті мойындады (2022 ж. 31 желтоқсан: 46,092 мың теңге). Осы облигациялар бойынша күтілетін кредиттік шығындарды анықтау кезінде Компания басшылығы дефолттың бұрынғы тәжірибесін, дефолтқа байланысты шығындарды (LGD), несиелік рейтингті, сондай-ақ «First Heartland Jusan Bank» АҚ қаржылық жағдайын ескерді. Күтілетін кредиттік шығындар осы облигациялардың мерзімі бойынша шығындар құрамында көрсетіледі.

**«АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)**

**8. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ ЖОЛ КОДЫ 111)**

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
«Ақтау теңіз солтүстік терминалы» ЖШС инвестициялар	2,018,587	2,018,587
	<b>2,018,587</b>	<b>2,018,587</b>

*«Ақтау теңіз солтүстік терминалы» ЖШС инвестициялар*

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үлестік қаржылық активтер Компанияның «Ақтау теңіз солтүстік терминалы» ЖШС инвестицияларының 10% үлестегі құнын көрсетеді. Аталған инвестициялар өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша жіктеледі.

**9. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ ЖОЛ КОДЫ 121)**

	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Өзгелер	Барлығы
<b>2021 ж. 1 қаңтарға теңгерімдік құн</b>	<b>22,737,532</b>	<b>2,152,036</b>	<b>1,170,492</b>	<b>14,296</b>	<b>26,074,356</b>
<i>Бастапқы құны</i>	<i>30,512,188</i>	<i>10,141,571</i>	<i>2,536,957</i>	<i>274,271</i>	<i>43,464,987</i>
<i>Жинақталған тозу</i>	<i>(7,774,656)</i>	<i>(7,989,535)</i>	<i>(1,366,465)</i>	<i>(259,975)</i>	<i>(17,390,631)</i>
<i>Түсімдер</i>	<i>-</i>	<i>77,263</i>	<i>-</i>	<i>105</i>	<i>77,368</i>
<i>Аяқталмаған құрылыстан аударымдар және өзге де қозғалыстар</i>	<i>2,581</i>	<i>256,808</i>	<i>-</i>	<i>-</i>	<i>259,389</i>
<i>Шығару</i>	<i>-</i>	<i>(35,998)</i>	<i>(4,958)</i>	<i>(3,875)</i>	<i>(44,831)</i>
